

### **«Ағылшын тілі – халықаралық тіл» тренингі**

**10А,Ә және 9А,Ә сыныптары арасында қыркүйек айының 8 күні "Ағылшын тілі – халықаралық тіл" тақырыбына викторина өткізілді. (мұғалімдер Арипова Р.Д; Турсынбаева С.И.)**

Бұл іс-шараның мақсаты оқушылардың зейінін, есте сақтауын, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, өтілген тақырыптар бойынша білімдерін өзектілендіру арқылы студенттерді пәнді тереңірек меңгеруге ынталандыру болды. Сонымен қатар оқушылардың бойында шет тілінде коммуникативтік құзыреттілікті және тілге деген қызығушылық дамыту, шет тілдері мен тарихына деген оң көзқарасын қалыптастыру.

Сабақтың түрін викторина түрінде таңдап, біз сабақ материалына грамматика мен лексикадан, сондай-ақ мәдениеттен тест тапсырмаларын енгіздік.

Бұл бағыттағы сабақтар әлеуметтік-мәдени білімдерді шет тілдік қарым-қатынас процесінде қолдануға және студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектеседі.



